

**"Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 4 желтоқсандағы № 126 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 29 Жарлығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 19.04.2019 № 29 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 43, 555-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарлама паспорты" деген бөлімде:

Бағдарламаның мақсаты мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаның мақсаты

Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.";

нысаналы индикаторлар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы индикаторлар

Мыналарды:

1) мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін (2017 жылға қарай - 80% , 2020 жылға қарай - 90%);

2) мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін (2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%);

3) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2014 жылға қарай - 53%, 2017 қарай - 62%, 2020 жылға қарай - 72%);

4) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуына қанағаттанушылық дәрежесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 90%);

5) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%);

6) республикадағы орыс тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2020 жылға қарай - 90%);

7) этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 80%);

8) республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 22%, 2020 жылға қарай - 25%);

9) республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 17%, 2020 жылға қарай - 20%) ұлғайту.";

"Кіріспе" деген бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, "Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 3-тармағына, Ел бірлігі доктринасына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет" ұлт жоспарына сәйкес әзірленді.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл жалпыұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру

әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"100 нақты қадам": баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет" ұлт жоспарындағы негізгі бағыттардың бірі "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру, сондай-ақ қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың түйінді факторы ретінде үштілді білім беруді дәйекті түрде дамыту болып табылады.";

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар жалпыұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бағытталған. Бағдарламаның барлық іс-шаралары Конституцияның 7-бабына және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қаулысына барынша сәйкес түзілген.";

"Қазіргі ахуалды талдау" деген бөлімде:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыру қорытындылары Қазақстан Республикасындағы тіл құрылысының келешекпен сабақтас негізін қалады:

1) мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымы елеулі түрде кеңейді: қазақ тілінде оқытып, тәрбиелейтін ұйымдар (балабақшалар мен шағын орталықтар) - 5644, мектептер - 3798, мемлекеттік тілді оқыту орталықтары - 88;

2) іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру процесі белсенділікпен іске асырылып келеді (мемлекеттік органдардағы қазақ тіліндегі құжаттардың үлес салмағы шамамен 88 %-ды құрайды);

3) мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік базасы әзірлену үстінде (көп деңгейлі оқу-әдістемелік кешендер, жалпы таралымы 720 мың дана 10 түрлі сөздік, жалпы таралымы 260 мың дана екі және үштілді 8 салалық сөздік жарық көрді).";

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"2011-2014 жылдары:

1) 168 баспа жобасы, оның ішінде 48 оқу-әдістемелік құрал, балаларға арналған 35 кітап, 36 салалық сөздік және танымдық, ғылыми, публицистикалық 49 кітап жарық көрді. "Қазақ сөздігі" қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі, инновациялық негізде әзірленген "Даналық әліппесі" оқыту кешені жарық көрді.";

2) бірқатар тележобалар, реалити-шоулар, қазақ тілін оқыту сабақтары, анимациялық фильмдер және т.б. іске асырылды;

3) IELTS (Ұлыбритания) және TOEFL (Америка Құрама Штаттары) жүйелері бойынша тілді білуді бағалаудың көпдеңгейлі жүйесі негізінде "Қазтест" жүйесі әзірленді;

4) қазақ тілін оқыту орталықтарын аккредиттеу жүйесінің әдіснамасы әзірленді;

5) шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне ана тілін үйренуде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды ұйымдастыру жүйелі түрде жүргізіліп отыр. Шетелде тұратын отандастарды қолдау мақсатында тұрақты түрде Еуропа қазақтарының дәстүрлі кіші құрылтайы мен өнер фестивалі, сонымен қатар шетелде тұратын отандастарымыздың өмірлік іс-әрекетінің мәселелері бойынша элеуметтанушылық және талдамалық зерттеулер жүргізіледі;

6) Қазақстандағы этностардың тілдерін оқыту бойынша көптілділіктің инновациялық әдістемесі әзірленді;

7) мемлекеттік тілді үйрету процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында интернет-портал (сервистің 20-дан астам түрі) құрылып, үнемі жаңартылып тұрады;

8) қазақтілді интернет-ресурстарды, контенттерді дамыту мақсатында тілді қашықтықтан оқыту курстарының саны ұлғайды;

9) мемлекеттік тілдің коммуникативтік функциясы нығаюда (мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі - БАҚ) контентінде электрондық БАҚ-та қазақ тілінде хабар тарату көлемі, сондай-ақ баспа БАҚ-тағы мемлекеттік тілдің үлесі 50 %-дан жоғары).

Қазіргі уақытта отандық телевизиялық арналарда қазақ тіліндегі шығармашылық және авторлық бағдарламалардың үлесі артуда;

10) шетелде тұратын отандастармен мәдени байланыстарды дамыту және нығайту жөніндегі жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде;

11) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орфоэпия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы және бірқатар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданды;

12) Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі құрылды.

Алдағы онжылдық кезеңдегі (2011-2020 жылдардағы) тіл құрылысының қисыны елімізде бірқатар проблемалық аспектілердің бар болуымен байланысты.

”;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан қоғамындағы тіл мәдениетінің төмендеуі. Көрсетілген аспектіде терминология, антропонимика және ономастика салаларындағы проблемалар, сөйлеу және жазу мәдениетін жетілдіру, сондай-ақ үйлесімді тілдік орта құру қажеттілігі лингвистикалық кеңістікті одан әрі өрістетуде айтарлықтай қиындықтар тудырып отыр."

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы ретте тіл мәдениеті нормаларының сақталуы бойынша шаралар ұйымдастыру көзделеді."

"Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері" деген бөлімде:

Бағдарламаның басты мақсаты мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаның басты мақсаты - Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты."

бағдарламалық мақсаттарда:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік тілді меңгеруді қамтамасыз етудің тиімді тәсілдеріне қол жеткізу;"

нысаналы индикаторлар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы индикаторлар:

1) мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін (2017 жылға қарай - 80% , 2020 жылға қарай - 90%);

2) мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін ( 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%);

3) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2014 жылға қарай - 53%, 2017 жылға қарай - 62%, 2020 жылға қарай - 72%);

4) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылауға қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуына қанағаттанушылық дәрежесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 90%);

5) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%);

6) республикадағы орыс тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2020 жылға қарай - 90%);

7) этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 80%);

8) республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 22%, 2020 жылға қарай - 25%);

9) республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай 17%, 2020 жылға қарай - 20%) ұлғайту.";

нәтижелер көрсеткіштері мынадай редакцияда жазылсын:

"Нәтижелер көрсеткіштері:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқытылатын болашақ қазақ тілі пәні оқытушыларының саны (жыл сайын 500 адам);

2) онлайн режимінде қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып ұйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралардың үлесі (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 50%, 2020 жылға қарай - 90%);

3) мемлекеттік тілді оқытындар санының өсуі (2014 жылға қарай - 30%, 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%);

4) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2017 жылға қарай - 25%, 2020 жылға қарай - 35%) С1 деңгейінде (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай - 15%);

5) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі (2017 жылға қарай - 10%, 2020 жылға қарай - 20%), С1 деңгейінде (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай -10%);";

6) мемлекеттік тілді көпшіліктің кеңінен қолданылуына бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың үлесі (жыл сайын 10%);

7) мемлекеттік БАҚ эфиріндегі мемлекеттік тілдегі жаңа телевизиялық жобалар санының өсуі (жыл сайын 10%);

8) мемлекеттік тілде шығатын баспа БАҚ-ты қолдауға бағытталған мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың үлесі (жыл сайын 50%);

9) көрнекі ақпараттың пайдаланылуын бақылаудың өңірлерді қамту дәрежесі (2014 жылға қарай - 30%, 2017 жылға қарай - 50%, 2020 жылға қарай - 100%);

10) терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің саны (2017 жылға қарай - 18000, 2020 жылға қарай - 27000);

11) қазақ және ана тілдерін үйрету бойынша әдістемелік көмекпен қамтылған ұлттық-мәдени бірлестіктері бар этностардың үлесі (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%);

12) орталықтардың жалпы санына шаққанда ағылшын және басқа да шет тілдерін үйрету бойынша қызмет көрсететін мемлекеттік тіл оқыту

орталықтарының үлесі (2014 жылға қарай - 50%, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 100%).";

"Бағдарламаның негізгі бағыттары, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар" деген бөлімде:

мемлекеттік тілді меңгеру - бірінші бағытта:

мақсаты мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: "Мемлекеттік тіл - жалпыұлттық бірліктің басты факторы";

нысаналы индикаторлар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы индикаторлар:

1) мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі (2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 90%);

2) мемлекеттік тілді B1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесі (2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%).";

3-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тілді қажетті көлемде меңгермеген мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардың қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білу деңгейі жыл сайын "Қазтест" бағдарламасының негізінде анықталуы тиіс.

Әрбір мекеме ұйымдастырған мемлекеттік тілді оқыту курсының аяқталуы бойынша қызметкерлер "Қазтест" жүйесі арқылы сертификаттық тестілеуге қатысып, білім деңгейін анықтайды.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызметкерлердің қазақ тілін білу деңгейі қазақ тілінің коммуникативтік талаптарын анықтайтын ұлттық стандарттар негізінде белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тест технологиясы диагностикалық және сертификаттық тесттен тұрады.";

нәтижелер көрсеткіштері мынадай редакцияда жазылсын:

"Нәтижелер көрсеткіштері:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқытылатын болашақ қазақ тілі пәні оқытушыларының саны (жыл сайын 500 адам);

2) онлайн режимінде қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып ұйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралардың үлесі (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 50%, 2020 жылға қарай - 90%);

3) мемлекеттік тілді оқытандар санының өсуі (2014 жылға қарай - 30%, 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%);

4) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді B1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2017 жылға қарай - 25%, 2020

жылға қарай - 35%) С1 деңгейінде (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай - 15%);

5) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі (2017 жылға қарай — 10%, 2020 жылға қарай - 20%), С1 деңгейінде (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай - 10%);";

мемлекеттік тілді көпшіліктің қолдануына қол жеткізу және оның пайдалану аясын кеңейту - екінші бағытта:

нысаналы индикаторлар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы индикаторлар:

1) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі (2014 жылға қарай - 53%, 2017 қарай - 62%, 2020 жылға қарай - 72%).";

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік тілді азаматтық қоғам институттарында және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолдану.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы аудиториялардың негізгі ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі позитивті бейнелер мен модельдерді әзірлеу негізінде мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру жөніндегі жұмысқа табысқа жеткен, мәртебелі тұлғаларды, оның ішінде мемлекеттік және басқа да тілдерді білетін этнос өкілдерін тарту көзделеді.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тілді отбасы құндылығы ретінде көпшіліктің қолдануына қол жеткізу аталған жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінде сөйлейтін, оның ішінде этностар мен шетелдік диаспоралар өкілдерінің танымал отбасыларын PR жұмысына тарту арқылы мемлекеттік тілді отбасындағы қарым-қатынас тілі ретінде көпшіліктің қолдануына қол жеткізу жөнінде ауқымды науқан ұйымдастыру көзделеді.";

қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру - үшінші бағытта:

нысаналы индикаторлар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы индикаторлар:

1) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылауға қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуына қанағаттанушылық дәрежесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 90%);

5) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%);";

2-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:



"Үйлесімді тілдік ортаны сақтау қажеттілігі тіл мәдениетін жетілдіру жөніндегі міндеттердің өзегіне айналып отырғаны сөзсіз. Жұртшылықты, мәдениет және өнер қайраткерлерін, БАҚ-ты кеңінен тарта отырып, Мемлекеттік тіл күнін ұйымдастыру және өткізу, түркі жазбаларына арналған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру, сондай-ақ тіл мәдениетін насихаттауға бағытталған шараларды өткізу дәстүрін жалғастыру жұмыстары қажетті шаралар қатарына жатады.";

нәтижелер көрсеткіштері мынадай редакцияда жазылсын:

"Нәтижелер көрсеткіштері:

1) көрнекі ақпараттың пайдаланылуын бақылаудың өңірлерді қамту дәрежесі (2014 жылға қарай - 30%, 2017 жылға қарай - 50%, 2020 жылға қарай - 100%);

2) терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің үлесі (2017 жылға қарай - 18000, 2020 жылға қарай - 27000);";

лингвистикалық капиталды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау - төртінші бағытта:

нысаналы индикаторлар мынадай редакцияда жазылсын:

"Нысаналы индикаторлар:

1) республикадағы орыс тілін меңгерген тұрғындардың үлесі (2020 жылға қарай - 90%);

2) этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесі (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 80%);

3) республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесі (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 22%, 2020 жылға қарай - 25%);

4) республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген ересек тұрғындардың үлесі (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 17%, 2020 жылға қарай - 20%).";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Оқытудың үштілді моделін дамыту.

Осы бағыт шеңберінде үштілді білім беру идеясын насихаттауға және ынталандыруға бағытталған арнайы іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс көзделген.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарындағы үштілді білім беру және тәрбиелеу қызметіне арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу және шығару да көзделген.

Нысаналы топтарда үштілді білім беруді ілгерілету жөніндегі ақпараттық стратегияны іске асыру шеңберінде көрсетілген бағытты кеңінен жария ету көзделген.";

нәтижелер көрсеткіштері мынадай редакцияда жазылсын:

"Нәтижелер көрсеткіштері:

1) "қазақ және ана тілдерін үйрету бойынша әдістемелік көмекпен қамтылған этно-мәдени бірлестіктері бар этностардың үлесі (2014 жылға қарай - 20 %, 2017 жылға қарай - 60 %, 2020 жылға қарай - 100 %);

2) орталықтардың жалпы санына шаққанда ағылшын және басқа да шет тілдерін үйрету қызметтерін ұсынатын мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының үлесі (2014 жылға қарай - 50 %, 2017 жылға қарай - 75 %, 2020 жылға қарай - 100 %).".

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев